

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 469 бұйрығына 95 - қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 535 - қосымша

Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сыныптары үшін
«Санау» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-9 сыныптары үшін «Санау» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Санау» оқу пәнінің мақсаты – білім алушыларда тұрмыста барынша жақсы бейімделуге, қолжетімді шаруашылық-еңбектік дағдыларды меңгеруге көмектесетін қарапайым математикалық түсініктерді, икемділіктер мен дағдыларды қалыптастыру.

3. Негізгі міндеттері:

1) сабаққа деген қызығушылықты, басқа балалармен және ересек адамдармен өзара әрекеттене білуді дамыту;

2) заттық-практикалық әрекетті, қимыл-қозғалыстық икемділікті, жағымды эмоциялық-ерік қасиеттерді, танымдық белсенділікті қалыптастыруға көмектесу;

3) әрбір білім алушыда сандық, кеңістіктік, мезгілдік қолжетімді түсініктерді және санау-есептеу дағдыларын қалыптастыру;

4) алған икемділіктері мен дағдыларды өмірлік жағдаяттарда пайдалануға үйрету;

5) еңбекқорлыққа, шыдамдылыққа, еңбекке қабілеттілікке, бастаған ісін аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу, көзбен шамалау қабілетін дамыту.

2 - тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

4. Бағдарлама оқыту процесін білім алушылардың пән салалары бойынша қолжетімді білім мен икемділіктерді меңгеруі үшін әр пәннің

әдістемелік әлеуетін қолдануға, оқу әрекетінің тәсілдерін меңгеру арқылы дербестігін, әлеуметтік-мәдени кеңістікте бағдарлау икемділігін барынша дамытуға бағыттайды.

5. Бағдарламада оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері арнайы білім беру мектептерінде білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдерімен үйлесімді сабақтасқан.

6. Құндылыққа, іс-әрекетке, тұлғаға бағдарлық коммуникативтік тәсілдер білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру процесі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылып, Бағдарламаның жаңа құрылымында көрініс тапты.

7. Қазіргі кезеңде білім алушының өздігінен білімді игеруі үшін оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұндай тәсіл пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде білім алушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

8. Тұлғалық-бағдарлық білім беруді күшейту білім беру процесінде барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интербелсенді әдістерін қолдану кезінде мүмкін болады.

9. Білім беру процесін ұйымдастырудың барлық тәсілдемелері орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытуды күрделікті шынайы заттық-тәжірибелік әрекеттің мәнмәтініндегі күнделікті қарым-қатнас жағдайында, білім, әрекеттену тәсілдерімен белсенді алмасатын нақты істер мен жағдай түрінде ұйымдастыруға бағытталған.

10. Бағдарлама мұғалімді жергілікті сипаттағы материалдарды пайдалануға бағытталған оқу-жобалау іс-әрекеттерін ұйымдастыру арқылы танымдық және әлеуметтік тұрғыдан білім алушының белсенділігін арттыруға бағдарлайды. Осы пәннің оқу мақсаттары аясында жүзеге асырылатын тәрбиелік сипаттағы жоба жұмысы мұғалімнің басшылығымен ата-аналармен серкітестікте ұйымдастырылады.

11. Бағдарламада мұғалім орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жеке бағдарламасын құруда басшылыққа алатын және оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі қалыптастырылған. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған Бағдарламаның мазмұны ұсыным түрінде болады, педагогтың сыныптағы әрбір білім алушының мүмкіндігі мен оның білім алудағы ерекше қажеттіліктеріне сәйкес Бағдарламаның мазмұны мен оқыту қарқынына кез-келген өзгерістерді ендіру құқығы бар.

12. Пән бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны жекеленген білім беру мақсаттарына бағынады және әрбір білім алушының сыныптағы және мектептегі ұжымдық әрекеттерге, өзінің шамасы жететін үлесін қоса отырып қатысу мүмкіндігін есепке алады.

13. Қарапайым математикалық түсініктер, санау-есептеу дағдылары дерексіз сипатта болады, сондықтан оларды меңгеру білім алушыдан күрделі ақыл-ойлық әрекеттер жүйесін орындауды талап етеді. Бір сыныптың білім алушыларын оқыту процесі дағдыларды меңгеру қарқыны бойынша, ал оқыту нәтижелілігі әрбір білім алушыда қалыптасқан дағдылардың көлемі мен сапасы бойынша айтарлықтай айырмашылықтардың болатындығымен сипатталады.

14. Білім алушыларды оқытудың оқу процесін ұйымдастыру тәсілдемесінің негізінде ақыл-ой дамымауы айқын байқалатын тұлғалардың өмірін ұйымдастырудың негізін қалаушы идея ретінде бүкіл әлемде қабылданған «қалыптандыру» педагогикалық тұжырымдамасы жатыр. Осы тұжырымдамаға сәйкес білім алушы түзету педагогикалық шаралардың барлық жүйесін жобалаған кездегі негізгі және жалғыз есептеу нүктесі болып табылады.

15. Жоспарланған педагогикалық шаралар білім алушылармен тікелей жүргізілетін жұмыстарды ғана емес, сондай-ақ қоршаған ортаның қайтадан құрылуын, әрбір білім алушының өзіндік әрекетін ынталандыратын жағдайды тудыруды да қамтиды.

16. «Қалыптандыру» тұжырымдамасының негізінде орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды арнайы мектеп жағдайында оқыту мен тәрбиелеу процесін ұйымдастыру қағидалары қалыптастырылған:

1) білім алушының өзіндік бірегей ерекшеліктерін сақтай отырып, дербес қарқында даму мүмкіндігімен қамтамасыз ету. Бұл қағиданы сақтау баланы оқытудың жеке бағдарламасының мазмұнын анықтау мақсатында оның мүмкіндігі мен ілгерілемелі дамуын үнемі зерделеуді білдіреді. Дамудағы және дағдыларды меңгерудегі кез-келген, тіпті сәл ғана байқалған ілгері басуды оқытудағы жағымды нәтиже деп қабылдау;

2) педагогтың әрбір білім алушыны оқытудың мазмұнын, тәсілдерін, түрін, дидактикалық құралдарды олардың жеке мүмкіндіктері мен білім берудегі және жеке тұлғалық жетістіктерін мониторингілеу нәтижесін есепке ала отырып, өздігінен таңдауы;

3) білім алушыларда тәжірибелік әрекеттер мен әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру үшін қажетті мектептік ортаны құру. Білім алушылармен сабақ өтетін жайлар әр түрлі өмірлік жағдаяттарды бейнелейтін кеңістікке айналдырылады;

4) білім алушылардың мектептегі күнделікті әрекеттерінің біріктірілген сипаты. Сабақ барлық оқу пәндері бойынша біріктірілген сипатта болады;

5) әлеуметтендіру құралы ретіндегі ойлау, сөйлеу тілі мен коммуникацияны дамыту қағидасы. Білім алушылардың нақты жағдайдағы мүмкіндігіне қарай педагогикалық құралдармен өтелетін сөйлеу тілінің

дамуында, ойлау қабілетінде, қарым-қатынастық дамуында өзіндік проблемалары бар. Сөйлеу тілін түсінуді кеңейту, қарым-қатынастың сөздік және сөздік емес құралдарын қалыптастыру, білім алушылардың көрнекілік-әрекеттік ойлауын дамыту бойынша жұмыстар бірізділікпен құрылады;

б) оқу-тәрбиелеу процесінің әлеуметтендіру бағыттылығы: білім алушыларды күрделі әлеуметтік ортаға ендіру.

17. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқыту процесі мазмұны жағынан да, сол сияқты ұйымдастыру түрі жағынан да қатал реттелуі мүмкін емес.

18. Білім алушылар сабақты әрекет түрін білім алушының өзіне қажет болған жағдайда өзгерте алатын, жекеленген жұмысты орындайтындай және педагогтан жеке көмек ала алатындай етіп ұйымдастырылуына мұқтаж. Білім алушыларға сынып бөлмесінде еркін қозғала алатындай мүмкіндік беріледі.

19. Білім алушылардың сабақтағы белсенділігінің және дербестігінің дамуы байқалатын әрекеттердің негізгі түрлері:

1) тірі және өлі табиғат пен әлеуметтік өмірдің құбылыстарын бақылау;

2) заттық-практикалық әрекет;

3) ойын әрекеті және ойын әрекетшілдігі;

4) білім алушылардың шаруашылық-еңбектік әрекеті;

5) әлеуметтік-тұрмыстық әрекет;

б) білім алушылар мен жақын ортасындағы ересектермен арасындағы коммуникация (микросоциум);

7) оқу әрекеті (білім алушының мүмкіндіктеріне сәйкес).

20. Оқу-тәрбиелеу процесі жағдаяттық міндеттер мен тәжірибелік, өмірлік, тұрмыстық сипаттағы тапсырмалар пайдаланылатын заттық әрекетте орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды оқытудың барлық кезеңі бойына құрылуға міндетті.

21. Санауға үйретуде тәжірибелік және көрнекілік тәсілдер жетекші орын алады. Сөздік тәсілдердің рөлі олардан төмен болады. Олар оқытудың көрнекілік тәсілдерін және білім алушылардың өзіндік әрекетшілдіктерін толықтырады.

22. Мұғалім нақты жаттығулар түрін, оларды сынып бөлмесінде жүргізу тәсілдері мен орнын (жұмыс үстелінде, тақтада, ойын бұрышында, кілем үстінде және басқаларда) мұқият ойластырады. Бір сыныптың білім алушыларының танымдық мүмкіндіктері жағынан бір-бірінен біршама айырмашылықтары болады, сондықтан білім алушыларды оқыту барынша жекешелендіріледі.

23. Сабақтар көрнекі құралдардың сәйкес жүйесімен және жекеленген жұмыстарға арналған үлестірмелі заттық материалдармен қамтамасыз етіледі.

24. Сынып бөлмесіндегі сабақтарды мектептегі басқа жайларда, сондай-ақ одан тыс жерлерде (дүкен, пошта, саябақ, спорт алаңы, табиғат бұрышы, кітапхана) өткізілетін экскурсиялармен, бақылаулармен кезектестіреді.

25. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оқудағы жетістіктерін бағалау шараларына қойылатын талаптар гуманизм идеяларына, осы санаттағы білім алушылардың мектептік оқытудың табиғатына сәйкестігіне шартты болады.

26. Білім алушылардың жеке оқу бағдарламасында тұжырымдалған міндеттер олардың оқудағы жетістіктерін бағалау үшін пайдаланылады.

27. Білім алушыны оқытудың жеке бағдарламасы білім алушының 1-4-сыныптарда қалыптасқан дағдылар деңгейін ескере отырып, олардың мүмкіндіктері туралы мәліметтердің негізінде құрылады.

28. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау тек ішкі бағалау құралдарымен ғана жүзеге асырылады. Мұғалім оқытудың жеке бағдарламасын жүзеге асыру нәтижелерін білім беру процесі барысында бағалайды.

29. Педагогтар бақылау-бағалау әрекетін ақыл-ойы дамымаған білім алушылармен жүргізілетін барлық педагогикалық процесстің құрылуына негіз болатын арнайы педагогиканың «диагностика мен түзете дамыту жұмысының бірлігі» қағидасына сәйкес жүйелі түрде жүзеге асырады.

30. Бақылау, білім алушы әрекетінің өнімдерін, ауызша берген жауаптарын оқыту мен тәрбиелеудің жекеленген міндеттерімен салыстыра отырып, бағалу әрекеті болып табылады.

31. Орташа ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жетістіктерін бағалау шараларының бірізділігі:

1) білім алушылардың даму, білім және дағдыларының даму деңгейлерін алдын ала бағалау. Оқытудың жеке бағдарламасын құруға арналған негіз ретіндегі білім алушының даму бейінін құру;

2) білім алушылардың жетістіктері мен дамуын ағымдағы бағалау олардың сабақ барысындағы жұмысын күнделікті бақылау арқылы жүзеге асырылады;

3) бірінші жартыжылдық аяқталғанда аралық бағалау жүзеге асырылады. Жетістіктерді қорытынды бағалау оқу жылының аяқталуына қарай жүзеге асырылады. Икемділіктер мен дағдыларды оқытудың жеке бағдарламасына сәйкес қалыптастырудың жетістігі туралы бағалау пайымдамасы жеке бағдарламада тіркеледі;

32. Білім алушының жеке бағдарлама бойынша жетістіктерін сипаттағанда міндетті түрде білім алушының санау-есептеудің қарапайым әрекеттерін меңгерудегі дербестік деңгейі (өздігінен, үлгі бойынша, еліктеу бойынша, педагогпен бірлескен әрекеттің көмегімен) көрсетіледі.

3 - тарау. «Санау» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

33. «Санау» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта аптасына – 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;
- 2) 6-сыныпта аптасына – 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;
- 3) 7-сыныпта аптасына – 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты.
- 4) 8-сыныпта аптасына – 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты;
- 5) 9-сыныпта аптасына – 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

34. Оқу-тәрбиелеу процесін ұйымдастыру үшін кабинеттер санитарлық-гигиеналық нормаларға сәйкес қажетті мектептік құрал-жабдықтармен жабдықталады.

35. Жеке, жұп немесе топ ішіндегі жұмыс (ойын) түрлерін ұйымдастыру үшін сыныпта қозғалмалы жиһаз қарастырылады. Білім алушылардың жұмыстарын және көрнекілік құралдарды қоюға арналған стенділерді, кітап сөрелерін орналастыратын орындар қарастырылады.

3

6

«Санау» пәні бойынша оқу материалының құрамдастырылған бағдарламасының негізіне білім алушыларға беріліп отырған ақпаратты біртіндеп күрделендіріп, бұған дейін оқылған нөмірлерге қайта оралып, қайталауды ұйымдастыра алатын концептіл бөлім «Арифметикалық амалдар» мазмұны төмендегілерді қамтиды:

- 3) 3-бөлім «Шамалар»;
- 4) 4-бөлім «Көрнекі геометрия элементтері»;
- 5) 5-бөлім «Арифметикалық амалдар».

37. 5-сыныпқа арналған «Санау» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) нөмірлеу. 10-ға дейін нөмірлеуді қайталау. 20-ға дейін заттық және дерексіз санау, 1-ден 20-ға дейінгі сандарды жазу, сандық қатардағы сандардың реттілігі, 1-ден 20-ға дейінгі сандарды салыстырудың қарапайым амалдары, шартты көрнекіліктерді қолдана отыра 11-ден 20-ға дейінгі заттық-практикалық әрекеттегі сандардың құрамы;

2) арифметикалық амалдар. 20-ға дейінгі сандарды қосу мен алу. Шартты көрнекіліктерді қолдана отыра қосу мен алудың практикалық әрекеттері, қайта санау, 1-ден санап, қосу. Калькуляторды қолдану;

3) шамалар. Құнның өлшемдері: 1, 2, 5, 10, 20 тг. монеталары. Монеталарды майдалау мен айырбастау. Дүкенге экскурсия, «Дүкен» дидактикалық ойыны. Уақыт өлшемі: кеше, бүгін, ертең, апта күндері, ай, жыл. Кеңістіктегі ұғымдар: өзінің дене мүшелері мен жақын айналасы және жазықтықта бағдарлау. Оқу, тұрмыстық және өмірлік жағдаяттардағы әрекеттерде дағдыларын қолдану;

4) көрнекі геометрия бірліктері. Геометриялық фигуралар мен денелер: дөңгелек, квадрат, тікбұрыш, үшбұрыш, сопақ, шар, куб, дінгек. Модельдерді сипау, үстінен сызу, әртүрлі материалдардан жасау. Нүкте, түзу, қисық сызық. Сызғыштың көмегімен түзуді сызу. Сызғыштың көмегімен берілген ұзындық бойынша квадрат, тікбұрыш, үшбұрышты құру;

5) арифметикалық есептер. Білім алушыларға түсінікті заттық және дерексіз санауға негізделген сома мен қалдықты табуға бағытталған ашық және жабық нәтижесі бар драматизация-есептер мен көрнекі есептер.

38. 6-сыныпқа арналған «Санау» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) нөмірлеу. 10-ға және 20-ға дейін нөмірлеуді қайталау. 40-қа дейін заттық және дерексіз санау, 1-ден 40-қа дейінгі сандарды жазу, сандық қатардағы сандардың реттілігі, 1-ден 40-қа дейінгі сандарды салыстырудың қарапайым амалдары, шартты көрнекіліктерді қолдана отыра 11-ден 40-қа дейінгі заттық-практикалық әрекеттегі сандардың құрамы;

2) арифметикалық амалдар. 40-қа дейінгі сандарды қосу мен алу. Шартты көрнекіліктерді қолдана отыра қосу мен алудың практикалық әрекеттері, қайта санау, 1-ден санап, қосу. Калькуляторды қолдану;

3) шамалар. Құнның өлшемдері: 1, 2, 5, 10, 20 тг. монеталары. Монеталарды майдалау мен айырбастау. Дүкенге экскурсия, «Дүкен» дидактикалық ойыны. Уақыт өлшемі: кеше, бүгін, ертең, апта күндері, ай, жыл. Жыртылмалы күнтізбе. Кеңістіктегі ұғымдар: өзінің дене мүшелері мен жақын айналасы және жазықтықта бағдарлау. Оқу, тұрмыстық және өмірлік жағдаяттардағы әрекеттерде дағдыларын қолдану;

4) көрнекі геометрия бірліктері. Геометриялық фигуралар мен денелер: дөңгелек, квадрат, тікбұрыш, үшбұрыш, сопақ, шар, куб, дiңгек. Модельдерді сипау, үстінен сызу, әртүрлі материалдардан жасау. Нүкте, түзу, қисық және сынық сызық. Сызғыштың көмегімен түзуді сызу. Сызғыштың көмегімен берілген ұзындық бойынша квадрат, тікбұрыш, үшбұрыш және сынық сызықты құру;

5) арифметикалық есептер. Білім алушыларға түсінікті заттық және дерексіз санауға негізделген сома мен қалдықты табуға бағытталған ашық және жабық нәтижесі бар драматизация-есептер мен көрнекі есептер. Калькулятордың көмегімен жауабын табу.

39. 7-сыныпқа арналған «Санау» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) нөмірлеу. 10-ға, 20-ға және 40-қа дейін нөмірлеуді қайталау. 60-қа дейін заттық (шартты көрнекілік) және дерексіз санау, 1-ден 60-қа дейінгі сандарды жазу, сандық қатардағы сандардың реттілігі, 1-ден 60-қа дейінгі сандарды салыстырудың қарапайым амалдары, шартты көрнекіліктерді қолдана отыра 11-ден 60-қа дейінгі заттық-практикалық әрекеттегі сандардың құрамы;

2) арифметикалық амалдар. 60-қа дейінгі сандарды қосу мен алу. Шартты көрнекіліктерді қолдана отыра қосу мен алудың практикалық әрекеттері, қайта санау, 1-ден санап, қосу. Калькуляторды қолдану;

3) шамалар. Құнның өлшемдері: 1, 2, 5, 10, 20, 50 тг. монеталары. Монеталарды майдалау мен айырбастау. Дүкенге экскурсия, «Дүкен» дидактикалық ойыны. Уақыт өлшемі: кеше, бүгін, ертең, апта күндері, ай, жыл. Жыртылмалы күнтізбе. Табель-күнтізбе. Кеңістіктегі ұғымдар: өзінің дене мүшелері мен жақын айналасы және жазықтықта бағдарлау. Оқу, тұрмыстық және өмірлік жағдаяттардағы әрекеттерде дағдыларын қолдану;

4) көрнекі геометрия бірліктері. Геометриялық фигуралар мен денелер: дөңгелек, квадрат, тікбұрыш, үшбұрыш, сопақ, шар, куб, дiңгек. Модельдердi сипау, үстiнен сызу, әртүрлi материалдардан жасау. Түзу, қисық және сынық сызықтар, кесiндi. Сызғыштың көмегiмен түзу және кесiндiнi сызу. Сызғыштың көмегiмен берiлген ұзындық бойынша квадрат, тікбұрыш, үшбұрыш және сынық сызықты құру;

5) арифметикалық есептер. Бiлiм алушыларға түсiнiктi заттық және дерексiз санауға негiзделген сома мен қалдықты табуға бағытталған ашық және жабық нәтижесi бар драматизация-есептер мен көрнекi есептер. Калькулятордың көмегiмен жауабын табу.

40. 8-сыныпқа арналған «Санау» оқу пәнiнiң базалық мазмұны:

1) нөмiрлеу. 10-ға, 20-ға, 40-қа және 60-қа дейiн нөмiрлеудi қайталау. 80-ге дейiн заттық (шартты көрнекiлiк) және дерексiз санау, 1-ден 80-ге дейiнгi сандарды жазу, сандық қатардағы сандардың реттiлiгi, 1-ден 80-ге дейiнгi сандарды салыстырудың қарапайым амалдары, шартты көрнекiлiктердi қолдана отыра 11-ден 80-ге дейiнгi заттық-практикалық әрекеттегi сандардың құрамы;

2) арифметикалық амалдар. 80-ге дейiнгi сандарды қосу мен алу. Шартты көрнекiлiктердi қолдана отыра қосу мен алудың практикалық әрекеттерi, қайта санау, 1-ден санап, қосу. Калькуляторды қолдану;

3) шамалар. Құнның өлшемдерi: 1, 2, 5, 10, 20, 50 тг. монеталары. Монеталарды майдалау мен айырбастау. Дүкенге экскурсия, «Дүкен» дидактикалық ойыны. Ұзындық өлшемі: сантиметр мен метр. Сызғыштың көмегiмен кесiндiнiң ұзындығын өлшеу. 1 м өлшемiн қолдана отыра ұзындықты өлшеу. Уақыт өлшемі: кеше, бүгiн, ертең, апта күндерi, ай, жыл. Жыртылмалы күнтiзбе. Табель-күнтiзбе. Кеңiстiктегi ұғымдар: өзiнiң дене мүшелерi мен жақын айналасы және жазықтықта бағдарлау. Оқу, тұрмыстық және өмiрлiк жағдаяттардағы әрекеттерде дағдыларын қолдану;

4) көрнекі геометрия бірліктері. Геометриялық фигуралар мен денелер: дөңгелек, квадрат, тікбұрыш, үшбұрыш, сопақ, шар, куб, дiңгек. Модельдердi сипау, үстiнен сызу, әртүрлi материалдардан жасау. Нүкте, түзу, қисық және сынық сызықтар, кесiндi мен бұрыш. Сызғыштың көмегiмен түзу, кесiндi және бұрышты сызу. Сызғыштың көмегiмен берiлген ұзындық бойынша квадрат, тікбұрыш, үшбұрыш және сынық сызықты құру;

5) арифметикалық есептер. Бiлiм алушыларға түсiнiктi заттық және дерексiз санауға негiзделген сома мен қалдықты табуға бағытталған ашық және жабық нәтижесi бар драматизация-есептер мен көрнекi есептер. Калькулятордың көмегiмен жауабын табу.

41. 9-сыныпқа арналған «Санау» оқу пәнiнiң базалық мазмұны:

1) нөмiрлеу. 10-ға, 20-ға, 40-қа, 60-қа және 80-ге дейiн нөмiрлеудi қайталау. 100-ге дейiн заттық (шартты көрнекiлiк) және дерексiз санау, 1-ден 100-ге дейiнгi сандарды жазу, сандық қатардағы сандардың реттiлiгi, 1-ден 100-ге дейiнгi сандарды салыстырудың қарапайым амалдары, шартты

көрнекіліктерді қолдана отыра 11-ден 100-ге дейінгі заттық-практикалық әрекеттегі сандардың құрамы;

2) арифметикалық амалдар. 100-ге дейінгі сандарды қосу мен алу. Шартты көрнекіліктерді қолдана отыра қосу мен алудың практикалық әрекеттері, қайта санау, 1-ден санап, қосу. Калькуляторды қолдану;

3) шамалар. Құнның өлшемдері: 1, 2, 5, 10, 20, 50, 100 тг. монеталары. Монеталарды майдалау мен айырбастау. Дүкенге экскурсия, «Дүкен» дидактикалық ойыны. Ұзындық өлшемі: сантиметр мен метр. Сызғыштың көмегімен кесіндінің ұзындығын өлшеу. 1 м өлшемін қолдана отыра ұзындықты өлшеу. Уақыт өлшемі: кеше, бүгін, ертең, апта күндері, ай, жыл. Жыртылмалы күнтізбе. Табель-күнтізбе. Кеңістіктегі ұғымдар: өзінің дене мүшелері мен жақын айналасы және жазықтықта бағдарлау. Сағат бойынша 1 сағатқа дейін уақытты анықтау. Оқу, тұрмыстық және өмірлік жағдаяттардағы әрекеттерде дағдыларын қолдану;

4) көрнекі геометрия бірліктері. Геометриялық фигуралар мен денелер: дөңгелек, квадрат, тікбұрыш, үшбұрыш, сопақ, шар, куб, дінгек. Модельдерді сипау, үстінен сызу, әртүрлі материалдардан жасау. Нүкте, түзу, қисық және сынық сызықтар, кесінді мен бұрыш. Сызғыштың көмегімен түзу, кесінді және бұрышты сызу. Сызғыштың көмегімен берілген ұзындық бойынша квадрат, тікбұрыш, үшбұрыш және сынық сызықты кұру;

5) арифметикалық есептер. Білім алушыларға түсінікті заттық және дерексіз санауға негізделген сома мен қалдықты табуға бағытталған ашық және жабық нәтижесі бар драматизация-есептер мен көрнекі есептер. Калькулятордың көмегімен жауабын табу.

42. Ақыл-ойында бұзылысы бар білім алушының дамуы және жеке жылдамдық пен көлемде оқу материалын меңгеру құқығын жүзеге асыра отыра мұғалім оқу тақырыбы мен тарауының материалын меңгеруге әр білім алуға керек уақыт көлемін өздігінен анықтайды. Келесі тақырыпқа ауысу негіздемесі ретінде білім алушыға қолжетімді деңгейде бағдарламалық материалды меңгергені (мысалға, өздігінен әрекет ете отыра, не үлгі бойынша жұмыс жасай отыра, еліктей отыра не педагогпен біріге отыра әрекеттену) қызмет етеді.

43. Мұғалім әрбір бөлімшенің мақсатын жүзеге асыру реттілігіне өзгеріс енгізеді, сондай-ақ қалыптастырылатын дағдылардың тереңдігі мен көлемін реттейді. Мұғалім сыныптағы әрбір білім алушы үшін оқу мақсатын таңдағанда, оның мүмкіндіктерін және шынайы жетістіктерін басшылыққа алады.

4-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

44. Бағдарламада оқу мақсаттарын қолданудың қолайлылығы үшін кодтық белгі енгізілген. Кодтық белгіде бірінші белгі сынып, екінші және үшінші белгі – бөлімнің және бөлімшенің реттік санын, төртінші белгі оқу

мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 5.2.4 кодында «5» – сынып, «2» – бөлім, «4» – оқу мақсатының реттік саны.

1) «Нөмірлеу».

1-кесте

Оқыту мақсаттары				
5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
5.1.1 10-ға дейін нөмірлеуді қайталау	6.1.1 1-ден 20-ға дейін нөмірлеуді қайталау	7.1.1 1-ден 40-қа дейін нөмірлеуді қайталау	8.1.1 1-ден 60-қа дейін нөмірлеуді қайталау	9.1.1 1-ден 80-ге дейін нөмірлеуді қайталау
5.1.2 он бірлікті ондыққа (таяқшалар мен дінгектер бумасы) біріктіру	6.1.2 он бірлікті ондыққа (таяқшалар мен дінгектер бумасы) біріктіру	7.1.2 он бірлікті ондыққа (таяқшалар мен дінгектер бумасы) біріктіру	8.1.2 он бірлікті ондыққа (таяқшалар мен дінгектер бумасы) біріктіру	9.1.2 он бірлікті ондыққа (таяқшалар мен дінгектер бумасы) біріктіру
5.1.3 «ондық» сөзін санау бірлігі ретінде қолдану	6.1.3 «ондық» сөзін санау бірлігі ретінде қолдану	7.1.3 «ондық» сөзін санау бірлігі ретінде қолдану	8.1.3 «ондық» сөзін санау бірлігі ретінде қолдану	9.1.3 «ондық» сөзін санау бірлігі ретінде қолдану
4.1.4 11-ден 20-ға дейінгі сандарды заттық-практикалық әрекетте әртүрлі әдіспен алу (бірлікті алдындағы санға қосу, бірді келесі саннан алу, ондыққа бірнеше бірлікті қосу)	6.1.4 11-ден 40-қа дейінгі сандарды шартты көрнекілікті қолдана отыра алу	7.1.4 11-ден 60-қа дейінгі сандарды шартты көрнекілікті қолдана отыра алу	8.1.4 11-ден 80-ге дейінгі сандарды шартты көрнекілікті қолдана отыра алу	9.1.4 11-ден 100-ге дейінгі сандарды шартты көрнекілікті қолдана отыра алу
5.1.5 1-ден 20-ға дейінгі	6.1.5 1-ден 40-қа дейінгі сандарды жазу	7.1.5 1-ден 60-қа дейінгі сандарды жазу	8.1.5 1-ден 80-ге дейінгі сандарды жазу	9.1.5 1-ден 100-ге дейінгі сандарды жазу
	6.1.6 1-ден 40-қа дейінгі сандардың жазуын танып, оқу	7.1.6 1-ден 60-қа дейінгі сандардың жазуын танып, оқу	8.1.6 1-ден 80-ге дейінгі сандардың жазуын танып, оқу	9.1.6 1-ден 100-ге дейінгі сандардың жазуын танып, оқу
	6.1.7 11-ден 40-қа дейінгі сандарды көрнекі материалды	7.1.7 11-ден 60-қа дейінгі сандарды көрнекі материалды	8.1.7 11-ден 80-ге дейінгі сандарды көрнекі материалды	9.1.7 11-ден 100-ге дейінгі сандарды көрнекі материалды

сандарды жазу 5.1.6 1-ден 20-ға дейінгі сандардың жазуын танып, оқу 5.1.7 11-ден 19-ға дейінгі сандарды ондық пен бірлікке салу, ал 20 санын көрнекі материалды қолдана отыра екі ондыққа бөлу 5.1.8 көптік пен 1-20 сандарын олардың сан қатарындағы орны бойынша салыстыру 5.1.9 сан есімдерді (реттік және есептік) 20 саны көлемінде сан қатарын тірек ете және тірек етпей тура және кері тәртіпте атау 5.1.10 сандық қатарға негізделе	қолдана отыра ондық пен бірлікке салу 6.1.8 1-40 сандарын олардың сан қатарындағы орны бойынша салыстыру 6.1.9 сан есімдерді (реттік және есептік) 40 саны көлемінде сан қатарын тірек ете және тірек етпей тура және кері тәртіпте атау 6.1.10 сандық қатарға негізделе және шертты көрнекіліктерді қолдана отыра, шотта 1-ден 40-қа дейінгі сандарды тура және кері тәртіпте санау 6.1.11 40-қа дейінгі заттардың санын «Қанша?» деген сұраққа жауап бере отыра анықтау 6.1.12 1-ден	қолдана отыра ондық пен бірлікке салу 7.1.8 1-60 сандарын олардың сан қатарындағы орны бойынша салыстыру 7.1.9 сан есімдерді (реттік және есептік) 60 саны көлемінде сан қатарын тірек ете және тірек етпей тура және кері тәртіпте атау 7.1.10 сандық қатарға негізделе және шертты көрнекіліктерді қолдана отыра, шотта 1-ден 60-қа дейінгі сандарды тура және кері тәртіпте санау 7.1.11 60-қа дейінгі заттардың санын «Қанша?» деген сұраққа жауап бере отыра анықтау 7.1.12 1-ден	қолдана отыра ондық пен бірлікке салу 8.1.8 1-80 сандарын олардың сан қатарындағы орны бойынша салыстыру 8.1.9 сан есімдерді (реттік және есептік) 80 саны көлемінде сан қатарын тірек ете және тірек етпей тура және кері тәртіпте атау 8.1.10 сандық қатарға негізделе және шертты көрнекіліктерді қолдана отыра, шотта 1-ден 80-ге дейінгі сандарды тура және кері тәртіпте санау 8.1.11 80-ге дейінгі заттардың санын «Қанша?» деген сұраққа жауап бере отыра анықтау 8.1.12 1-ден	қолдана отыра ондық пен бірлікке салу 9.1.8 1-100 сандарын олардың сан қатарындағы орны бойынша салыстыру 9.1.9 сан есімдерді (реттік және есептік) 100 саны көлемінде сан қатарын тірек ете және тірек етпей тура және кері тәртіпте атау 9.1.10 сандық қатарға негізделе және шертты көрнекіліктерді қолдана отыра, шотта 1-ден 100-ге дейінгі сандарды тура және кері тәртіпте санау 9.1.11 100-ге дейінгі заттардың санын «Қанша?» деген сұраққа жауап бере отыра анықтау 9.1.12 1-ден
---	---	---	---	---

және нақты заттарды қолдана отыра 1-ден 20-ға дейінгі сандарды тура және кері тәртіпте санау 5.1.11 20-ға дейінгі заттардың санын «Қанша?» деген сұраққа жауап бере отыра анықтау 5.1.12 11-ден 20-ға дейінгі сандарды калькуляторда салу	40-қа дейінгі сандарды калькуляторда салу	60-қа дейінгі сандарды калькуляторда салу	80-ге дейінгі сандарды калькуляторда салу	100-ге дейінгі сандарды калькуляторда салу
---	---	---	---	--

2) «Арифметикалық амалдар»:
2-кесте

Оқыту мақсаттары				
5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
5.2.1 заттық-тәжірибелік әрекет ізімен «+» (плюс), «-» (минус), «=» (тең) белгілерін пайдалана отырып, 10 саны көлемінде қосу мен	6.2.1 заттық-тәжірибелік әрекет ізімен «+» (плюс), «-» (минус), «=» (тең) белгілерін пайдалана отырып, 40 саны көлемінде қосу мен	7.2.1 заттық-тәжірибелік әрекет ізімен «+» (плюс), «-» (минус), «=» (тең) белгілерін пайдалана отырып, 60 саны көлемінде қосу мен	8.2.1 заттық-тәжірибелік әрекет ізімен «+» (плюс), «-» (минус), «=» (тең) белгілерін пайдалана отырып, 80 саны көлемінде қосу мен	9.2.1 заттық-тәжірибелік әрекет ізімен «+» (плюс), «-» (минус), «=» (тең) белгілерін пайдалана отырып, 100 саны көлемінде қосу мен

азайтуға есеп құрастыру 5.2.2 заттық-тәжірибелік әрекет ізімен «+» (плюс), «-» (минус), «=» (тең) белгілерін пайдалана отырып, 20 саны көлемінде қосу мен азайтуға есеп құрастыру 5.2.3 20 саны көлеміндегі қосынды мен айырманы табу кезінде пайдаланылатын тәсілдер: қайта санау; үстемелеп санау; 1-ден азайтып, есептеу; калькулятор	азайтуға есеп құрастыру 6.2.2 40 саны көлеміндегі қосынды мен айырманы табу кезінде пайдаланылатын тәсілдер: шоттар, калькулятор	азайтуға есеп құрастыру 7.2.2 60 саны көлеміндегі қосынды мен айырманы табу кезінде пайдаланылатын тәсілдер: шоттар, калькулятор	азайтуға есеп құрастыру 8.2.2 80 саны көлеміндегі қосынды мен айырманы табу кезінде пайдаланылатын тәсілдер: шоттар, калькулятор	азайтуға есеп құрастыру 9.2.2 100 саны көлеміндегі қосынды мен айырманы табу кезінде пайдаланылатын тәсілдер: шоттар, калькулятор
--	---	---	---	--

3) «Шамалар»:
3-кесте

Оқыту мақсаттары				
5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
5.3.1 ойындар мен жаттығулар барысында 1, 2, 5, 10 тг монеталарды үлгі және сөздік нұсқау	6.3.1 5, 10, 20 теңгелік монеталарды әр түрлі нұсқалармен майдалау және айырбастау	7.3.1 5, 10, 20, 50 теңгелік монеталарды әр түрлі нұсқалармен майдалау және айырбастау	8.3.1 5, 10, 20, 50 теңгелік монеталарды әр түрлі нұсқалармен майдалау және айырбастау	9.3.1 5, 10, 20, 50, 100 теңгелік монеталарды әр түрлі нұсқалармен майдалау және

<p>бойынша тану 5.3.2 5, 10, 20 теңгелік монеталарды әр түрлі нұсқалармен майдалау 5.3.3 жақын ортадағы заттар мен нысандарды сөздік нұсқау бойынша (арасында, ортасында, қарсысында, іші мен сыртында, үстінде, астында, алдында, жанында) табу 5.3.4 заттар және олардың бейнелерін еліктеу мен үлгі бойынша көлденеңнен қатарластыры п қою 5.3.5 педагогтың өтініші бойынша қатарда тұрған бірінші, соңғы, шеткі, белгілі біреуінен кейінгі не алдында</p>	<p>6.3.2 жақын ортадағы заттар мен нысандарды сөздік нұсқау бойынша (арасында, ортасында, қарсысында, іші мен сыртында, үстінде, астында, алдында, жанында) табу 6.3.3 заттар және олардың бейнелерін еліктеу мен үлгі бойынша көлденеңнен қатарластыры п қою 6.3.4 педагогтың өтініші бойынша қатарда тұрған бірінші, соңғы, шеткі, белгілі біреуінен кейінгі не алдында тұрған затты көрсету 6.3.5 2-3 затты еліктеу, үлгі, сөздік нұсқау бойынша бір-біріне</p>	<p>7.3.2 жақын ортада сөздік нұсқау бойынша (арасында, ортасында, қарсысында, іші мен сыртында, үстінде, астында, алдында, жанында) бағдарлану 7.3.3 заттар және олардың бейнелерін еліктеу мен үлгі бойынша көлденеңнен қатарластыры п қою 7.3.4 педагогтың өтініші бойынша қатарда тұрған бірінші, соңғы, шеткі, белгілі біреуінен кейінгі не алдында тұрған затты көрсету 7.3.5 2-3 затты еліктеу, үлгі, сөздік нұсқау бойынша бір-біріне қатысты белгілі бір</p>	<p>8.3.2 сантиметр мен метр ұзындық өлшемін тану 8.3.3. 1 м өлшемін қолдана отыра объектінің ұзындығын өлшеу 8.3.4 заттардың бір-біріне қатысты орналасуы (арасында, ортасында, қарсысында, іші мен сыртында, үстінде, астында, алдында, жанында) атау 8.3.5 педагогтың өтініші бойынша қатарда тұрған бірінші, соңғы, шеткі, белгілі біреуінен кейінгі не алдында тұрған затты көрсету 8.3.6 2-3 затты еліктеу,</p>	<p>айырбастау 9.3.2 сантиметр мен метр ұзындық өлшемін тану 9.3.3. 1 м өлшемін қолдана отыра объектінің ұзындығын өлшеу 8.3.4 заттардың бір-біріне қатысты орналасуы (арасында, ортасында, қарсысында, іші мен сыртында, үстінде, астында, алдында, жанында) атау 9.3.5 педагогтың өтініші бойынша қатарда тұрған бірінші, соңғы, шеткі, белгілі біреуінен кейінгі не алдында тұрған затты көрсету 9.3.6 2-3</p>
---	--	--	--	--

<p>тұрған затты көрсету 5.3.6 2-3 затты еліктеу, үлгі, сөздік нұсқау бойынша бір-біріне қатысты белгілі бір кеңістіктікте (арасында, ортасында, қарсысында, іші мен сыртында, үстінде, астында, алдында, жанында) орналастыру 5.3.7 аптадағы күн санын ретпен атау 5.3.8 жыл мезгілі мен жыл айын атау 5.3.9 бүгін затты тең 2 бөлікке бөлу</p>	<p>қатысты белгілі бір кеңістіктікте (арасында, ортасында, қарсысында, іші мен сыртында, үстінде, астында, алдында, жанында) орналастыру 6.3.6 аптадағы күн санын ретпен атау 6.3.7 жыл мезгілі мен жыл айын ретпен атау 6.3.8 күнтізбені пайдалана отырып, аптаның осы және келесі күнін анықтау 6.3.9 бүгін затты тең 2, 4 бөлікке бөлу 6.3.10 заттардың салмағын (1, 2, 3 кг) әр түрлі таразылардың көмегімен анықтау 6.3.11 сыйымдылығы жарты литр, 1 л, 2 л, 3 л, 5 л болатын</p>	<p>кеңістіктікте (арасында, ортасында, қарсысында, іші мен сыртында, үстінде, астында, алдында, жанында) орналастыру 7.3.6 аптадағы күн санын ретпен атау 7.3.7 жыл мезгілі мен жыл айын ретпен атау 7.3.8 табель-күнтізбені пайдалана отырып, аптаның бұған дейінгі, осы және келесі күнін анықтау 7.3.9 бүгін затты тең 2, 4, 8 бөлікке бөлу 7.3.10 заттардың салмағын (1, 2, 3 кг) әр түрлі таразылардың көмегімен анықтау 7.3.11 сыйымдылығы жарты литр, 1 л, 2 л, 3 л, 5 л болатын</p>	<p>үлгі, сөздік нұсқау бойынша бір-біріне қатысты белгілі бір кеңістіктікте (арасында, ортасында, қарсысында, іші мен сыртында, үстінде, астында, алдында, жанында) орналастыру 8.3.7 аптадағы күн санын ретпен атау 8.3.8 жыл мезгілі мен жыл айын ретпен атау 8.3.9 табель-күнтізбені пайдалана отырып, аптаның бұған дейінгі, осы және келесі күнін анықтау 8.3.10 бүгін затты тең 2, 4, 8 бөлікке бөлу 8.3.11 заттардың салмағын (1, 2, 3 кг) әр түрлі</p>	<p>затты еліктеу, үлгі, сөздік нұсқау бойынша бір-біріне қатысты белгілі бір кеңістіктікте (арасында, ортасында, қарсысында, іші мен сыртында, үстінде, астында, алдында, жанында) орналастыру 9.3.7 апта күнінің реттік санын атау 9.3.8 жыл мезгілі мен айдың реттік нөмірін атау 9.3.9 уақытты сағат бойынша 1 сағатқа дейінгі дәлдікпен анықтау 9.3.10 бүгін затты тең 2, 4, 8 бөлікке бөлу 9.3.11 заттардың салмағын (1, 2, 3 кг) әр түрлі таразылардың көмегімен</p>
---	--	---	--	--

	құты мен бөтелкені тану	құты мен бөтелкені тану	таразылардың көмегімен анықтау 8.3.12 сыйымдылығы жарты литр, 1 л, 2 л, 3 л, 5 л болатын құты мен бөтелкені тану	анықтау 9.3.13 сыйымдылығы жарты литр, 1 л, 2 л, 3 л, 5 л болатын құты мен бөтелкені тану
--	-------------------------	-------------------------	---	--

4) «Көрнекі геометрия элементтері»:

4-кесте

Оқыту мақсаттары				
5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
5.4.1 геометриялық фигураларды танып, атау: дөңгелек, сопақ, тікбұрыш, квадрат, үшбұрыш, геометриялық денелер: шар, куб, дінгек	6.4.1 геометриялық фигураларды танып, атау: дөңгелек, сопақ, тікбұрыш, квадрат, үшбұрыш, геометриялық денелер: шар, куб, дінгек	7.4.1 геометриялық фигураларды танып, атау: дөңгелек, сопақ, тікбұрыш, квадрат, үшбұрыш, геометриялық денелер: шар, куб, дінгек	8.4.1 геометриялық фигураларды танып, атау: дөңгелек, сопақ, тікбұрыш, квадрат, үшбұрыш, геометриялық денелер: шар, куб, дінгек	9.4.1 геометриялық фигураларды танып, атау: дөңгелек, сопақ, тікбұрыш, квадрат, үшбұрыш, геометриялық денелер: шар, куб, дінгек
5.4.2 геометриялық фигуралардан еліктеу, үлгі және сөздік нұсқаулық бойынша қарапайым аппликациялар мен оюлар жасау	6.4.2 геометриялық фигуралардан еліктеу, үлгі және сөздік нұсқаулық бойынша қарапайым аппликациялар мен оюлар жасау	7.4.2 геометриялық фигуралардан еліктеу, үлгі және сөздік нұсқаулық бойынша қарапайым аппликациялар мен оюлар жасау	8.4.2 геометриялық фигуралардан еліктеу, үлгі және сөздік нұсқаулық бойынша қарапайым аппликациялар мен оюлар жасау	9.4.2 геометриялық фигуралардан еліктеу, үлгі және сөздік нұсқаулық бойынша қарапайым аппликациялар мен оюлар жасау
5.4.3 еліктеу және үлгі бойынша	6.4.3 еліктеу және үлгі бойынша	7.4.3 еліктеу және үлгі бойынша	8.4.3 еліктеу және үлгі бойынша	9.4.3 еліктеу және үлгі бойынша

<p>бөліктерден дөңгелек, квадрат, тікбұрыш, сопақ, үшбұрыш кұру</p> <p>5.4.4 сызбада нүкте, түзу және қисық сызықтар, дөңгелек, сопақ, квадрат, тікбұрыш, үшбұрышты тану</p> <p>5.4.5 үлгі және атауы бойынша сипау арқылы дөңгелек, сопақ, тікбұрыш, квадрат, үшбұрышты тану</p> <p>5.4.6 дөңгелек, сопақ, квадрат, үшбұрыштың шаблонын сызу; алған фигураны штрихтау</p> <p>5.4.7 сызғыштың көмегімен түзу сызықты кесінді және бұрышты сызу</p>	<p>бөліктерден дөңгелек, квадрат, тікбұрыш, сопақ, үшбұрыш кұру</p> <p>6.4.4 сызбада нүкте, түзу, қисық және сынық сызықтар, дөңгелек, сопақ, тікбұрыш, квадрат, үшбұрышты тану</p> <p>6.4.5 үлгі және атауы бойынша сипау арқылы дөңгелек, сопақ, тікбұрыш, квадрат, үшбұрышты тану</p> <p>6.4.6 дөңгелек, сопақ, квадрат, үшбұрыштың шаблонын сызу; алған фигураны штрихтау</p> <p>6.4.7 сызғыштың көмегімен түзу және қисық сызықты сызу</p>	<p>бөліктерден дөңгелек, квадрат, тікбұрыш, сопақ, үшбұрыш кұру</p> <p>7.4.4 сызбада нүкте, түзу, қисық және сынық сызықтар, кесінді, дөңгелек, сопақ, тікбұрыш, квадрат, үшбұрышты тану</p> <p>7.4.5 үлгі және атауы бойынша сипау арқылы дөңгелек, сопақ, тікбұрыш, квадрат, үшбұрышты тану</p> <p>7.4.6 дөңгелек, сопақ, квадрат, үшбұрыштың шаблонын сызу; алған фигураны штрихтау</p> <p>7.4.7 сызғыштың көмегімен түзу және қисық</p>	<p>бөліктерден дөңгелек, квадрат, тікбұрыш, сопақ, үшбұрыш кұру</p> <p>8.4.4 сызбада нүкте, түзу, қисық және сынық сызықтар, кесінді, бұрыш, дөңгелек, сопақ, тікбұрыш, квадрат, үшбұрышты тану</p> <p>8.4.5 үлгі және атауы бойынша сипау арқылы дөңгелек, сопақ, тікбұрыш, квадрат, үшбұрышты тану</p> <p>8.4.6 дөңгелек, сопақ, квадрат, үшбұрыштың шаблонын сызу; алған фигураны штрихтау</p> <p>8.4.7 сызғыштың көмегімен түзу және</p>	<p>бөліктерден дөңгелек, квадрат, тікбұрыш, сопақ, үшбұрыш кұру</p> <p>9.4.4 сызбада нүкте, түзу, қисық және сынық сызықтар, кесінді, бұрыш, дөңгелек, сопақ, тікбұрыш, квадрат, үшбұрышты тану</p> <p>9.4.5 үлгі және атауы бойынша сипау арқылы дөңгелек, сопақ, тікбұрыш, квадрат, үшбұрышты тану</p> <p>9.4.6 дөңгелек, сопақ, квадрат, үшбұрыштың шаблонын сызу; алған фигураны штрихтау</p> <p>9.4.7 сызғыштың көмегімен түзу және</p>
--	---	---	--	--

5.4.8 сызғыштың көмегімен берілген ұзындық бойынша квадрат, тікбұрыш, үшбұрышты құру	6.4.8 сызғыштың көмегімен берілген ұзындық бойынша квадрат, тікбұрыш, үшбұрышты құру	СЫЗЫҚТЫ, кесіндіні сызу 7.4.8 сызғыштың көмегімен берілген ұзындық бойынша квадрат, тікбұрыш, үшбұрышты құру	ҚИСЫҚ сызғышты, кесінді және бұрышты сызу 8.4.8 сызғыштың көмегімен берілген ұзындық бойынша квадрат, тікбұрыш, үшбұрышты құру	ҚИСЫҚ сызғышты, кесінді және бұрышты сызу 9.4.8 сызғыштың көмегімен берілген ұзындық бойынша квадрат, тікбұрыш, үшбұрышты құру 9.4.9 шар – дөңгелек, куб – квадрат, дінгек – тікбұрышты ажырату
---	---	--	---	---

5) «Арифметикалық есептер»:
5-кесте

Оқыту мақсаттары				
5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
5.5.1 20-ға дейінгі жабық нәтижесі бар сома мен қалдықты табуға бағытталған драматизация есептер мен көрнекі есептерді шешу, одан кейін атауы жоқ сандарды	5.5.1 40-қа дейінгі сома мен қалдықты табуға бағытталған драматизация-есептер мен көрнекі есептерді шешу, калькулятордың көмегімен жауабын табу 5.5.2 есептеу әрекетін пайдалануды	6.5.1 60-қа дейінгі сома мен қалдықты табуға бағытталған драматизация-есептер мен көрнекі есептерді шешу, калькулятордың көмегімен жауабын табу 6.5.2 есептеу әрекетін пайдалануды	6.5.1 80-ге дейінгі сома мен қалдықты табуға бағытталған драматизация-есептер мен көрнекі есептерді шешу, калькулятордың көмегімен жауабын табу 6.5.2 есептеу әрекетін пайдалануды	6.5.1 100-ге дейінгі сома мен қалдықты табуға бағытталған драматизация-есептер мен көрнекі есептерді шешу, калькулятордың көмегімен жауабын табу 6.5.2 есептеу әрекетін пайдалануды

қосу мен алуға есептерді құрастыру 5.5.2 20-ға дейінгі жабық нәтижесі бар сома мен қалдықты табуға бағытталған драматизация-есептер мен көрнекі есептерді шешу, одан кейін сандардың атауын жаза отыра қосу мен алуға есептерді шешу	қажет ететін жағдаяттық есептерді шешу	қажет ететін жағдаяттық есептерді шешу	қажет ететін жағдаяттық есептерді шешу	қажет ететін жағдаяттық есептерді шешу
--	--	--	--	--

45. Мұғалім сыныптағы білім алушылардың ерекшеліктері және оқытудың жеке бағдарламаларының мазмұнын ескере отырып, тоқсандар бойынша ұзақ мерзімді жоспарлауды өздігінен әзірлейді.